



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
депутаттарына
(тізім бойынша)**

*2025 жылғы 5 маусымдағы
№ 16-13-152Д/С*

Құрметті депутаттар!

Архив саласының мәселелері туралы депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Архивтердің материалдық жай-күйін жақсарту, жаңа ғимараттар салу және жобалау-сметалық құжаттарды әзірлеу, зерттеушілер үшін оқу залдарын автоматтандыру, архив ісі саласын дамыту мақсатында республикалық және жергілікті бюджеттерден тиісті қаражат қарастыру бойынша.

Бүгінгі күні архивтерде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және көрмелерге қою үшін берілетін құжаттарды цифрландыруға басымдық берілуде. 2024 жылы цифрландырылған құжаттардың пайызы 10,8 %-ды (579 011 сақтау бірлігі) құрады (2022 жылы 3,7 %-дан 6 %-ға дейін ұлғайды, 2023 жылы 8,5 %). Барлығы 2 654 404 сақтау бірлігі цифрландырылды.

Архив саласын қаржыландыру ұлғайтылып, құжаттарды цифрландыру және сақтау қорын құру үшін 1000-нан астам жаңа техника, компьютер және басқа да ұйымдастыру техникасы сатып алынды.

Мемлекет басшысының өңірлерде архив ғимараттарын салу қажеттілігі туралы тапсырмасын орындау шеңберінде 2025 жылы орталық мемлекеттік архивінің 700 мың сақтау бірлігіне архив қоймасының құрылысын салу үшін мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды.

4 аудандық архив (*Маңғыстау облысының Жаңаөзен аудандық архиві, Жамбыл облысының Қордай және Жамбыл аудандық архивтері, Ақтөбе облысының Темір аудандық архиві*) пайдалануға берілді.

Шығыс Қазақстан облысы, Түркістан, Қарағанды, Алматы, Жамбыл облыстарында және басқа да өңірлерде жер учаскелері бөлінді.

Жамбыл облыстық архивінің құрылысына жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде, жер учаскелері бөлінген 5 облыстық (*Жуалы, Жамбыл, Мойынқұм, Меркі, Шу және Рысқұлов*) архивте инженерлік коммуникацияларды жүргізуді жүзеге асыруға техникалық шарттар әзірленуде.

Қызылорда облысында 3 аудандық архив «Руханият» мәдени орталықтарының ғимараттарына көшірілді, 4 аудандық архивті көшіру жоспарлануда.

Сондай-ақ «Құрылыс жобаларының мемлекеттік банкі» дерекқорында өңірлерде архив ғимараттарын салу кезінде бірнеше рет пайдалану үшін «Дайын құрылыс жобаларының тізілімінде» 200 мың және 500 мың сақтау бірлігіне арналған үлгілік жобалық-сметалық құжаттама қолжетімді. Ақтөбе және Атырау облысының архивтеріне – 1 млн, Жамбыл облысының архивіне – 1,5 млн сақтау бірлігіне арналған жобалық-сметалық құжаттама мемлекеттік сараптамадан өткізілуде. Ол қайта пайдалану үшін тізілімге енгізілетін болады.

Аталған бағытта жұмыстар жалғастырылуда.

Аудандық архивтерді және филиалдардың құрылысын «Өңірлерді дамыту бағдарламасына» енгізу бойынша.

2024 жылы Қарағанды облысы мен Қонаев қаласының әкімдіктері мемлекеттік аудандық архивтер мен филиалдардың құрылысы жобасын өңірлерді дамыту бағдарламасына енгізді. Қолданыстағы заңнамалар шеңберінде өңірлерге архив саласын дамыту үшін республикалық бюджеттен трансферттер бөлу қарастырылуда.

Архив қызметкерлерінің жалақысын әлеуметтік салаға жататын білім беру, денсаулық сақтау сынды мамандардың деңгейіне көтеріп, салаға кәсіби мамандар дайындауды және оларды әр деңгейдегі архивтерге тарту бойынша.

Республика бойынша архив қызметкерлерінің орташа жалақысы 2024 жылы 201 622 теңгені құрады (2021 жылы 127 929 теңге, 2022 жылы 149 905 теңге, 2023 жылы 193 117 теңге). Биыл қаңтарда архившілердің жалақысы 17%-ға өсті (орташа жалақы 260 999, ең төменгі жалақы 191 939 теңгені құрады). Экологиялық апат аймағында, ауылдық жерлерде тұру бөлігінде көзделген қосымша ақылар (БҚК-дан 25%) және ерекше еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар (БҚК-дан 25%, БҚК-дан 10%) төленеді.

Архивтерге «Ұлттық» мәртебесін беру бойынша.

Үкіметтің заң жобалау жұмыстарының жоспарына сәйкес «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне архив ісі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасына өзгерістер енгізу жұмыстары жүргізілуде. Оның аясында Ұлттық архиві мен Орталық мемлекеттік архивтерге «Ұлттық» мәртебе беру бойынша депутаттардың бастамасымен әзірленген түзетулер Үкіметте пысықталуда. Алдағы уақытта Үкімет қорытындысы заңнамада белгіленген тәртіппен жолданатын болады.

О. Бектенов